

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 мамыр N 516. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.01. N 490 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже б е к і т і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 12 мамырдағы N 516  
қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.26. N 491 қаулысымен.**

Тоқаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
Қасымжомарт Кемелұлы хатшысы - Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі, төраға;

Әбусейітов - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Қайрат Қуатұлы істер бірінші вице-министрі,  
төрағаның орынбасары;

Аманжолова - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Зұлфия Алтайқызы істер министрлігі Халықаралық құқық  
департаментінің директоры, хатшы;

Айсағалиева - Қазақстан Республикасының Кедендік  
София Серікбайқызы бақылау агенттігі төрағасының  
орынбасары;

Айтжанов - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Дулат Нулиұлы шаруашылығы вице-министрі;  
Ахметжанов - Қазақстан Республикасының  
Саян Қылышұлы Премьер-Министрі Кеңесінің Заң бөлімі  
менгерушісінің орынбасары;  
Әшитов - Қазақстан Республикасының Еңбек және  
Батыржан Зайырханұлы халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;  
Баялиев - Қазақстан Республикасының Индустрия  
Рүстем Ахатханұлы және сауда министрлігі Дүниежүзілік  
сауда ұйымына кіру және халықаралық  
қатынастар департаментінің директоры;  
Бұқанов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Марат Әбдіхалықұлы министрлігінің Штаб-департамент  
бастығы;  
Досполов - Қазақстан Республикасының Бас  
Сергей Долдович прокуратурасы Халықаралық  
қатынастар басқармасының, бастығы  
(келісім бойынша);  
Дунаев - Қазақстан Республикасының Экономика  
Арман Ғалиасқарұлы және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;  
Есенғалиев - Қазақстан Республикасының Қорғаныс  
Кенжебай Есенғалиұлы министрі аппараты Халықаралық  
ынтымақтастық департаментінің бастығы;  
Жәшібеков - Қазақстан Республикасының  
Ғабдулхәкім Балташұлы Қаржы полициясы агенттігі төрағасының  
орынбасары;  
Жолдыбаева - Қазақстан Республикасы Табиғи  
Ғалия Тағыбердіқызы монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігінің Заңнама және тұрғын  
үй-коммуналдық қатынастарды реттеу  
департаменті директорының міндетін  
атқарушы;  
Ізбанов - Қазақстан Республикасының  
Мұхит Кәрімұлы Көші-қон және демография жөніндегі  
агенттігі төрағасының орынбасары;  
Қанаев - Қазақстан Республикасының Білім және  
Серікжан Зиаданұлы ғылым министрлігі Әкімшілік  
департаментінің директоры;

- Меңсейітов  
Рафхат Сәрсенұлы  
директоры;
- Нигай  
Эдуард Михайлович  
орынбасары;
- Никитинский  
Евгений Сергеевич  
орынбасары;
- Нұрмұхамедов  
Игорь Хабирович  
бастығы (келісім бойынша);
- Пірімбетова  
Сәуле Марланқызы  
бөлімінің консультанты;
- Рябченко  
Олег Григорьевич  
вице-министрі;
- Сағын Халел  
жұмысы департаментінің директоры;
- Сақыпов  
Камалхан Еркешұлы  
департаментінің директоры;
- Сәрсембаев  
Қанат Маратұлы  
(келісім бойынша);
- Сұлтанова  
Зұлфия Медетқызы  
департаментінің директоры;
- Тәджияқов  
Бисенғали Шамғалиұлы  
(келісім бойынша);
- Төлебаев  
Алмас Қашкенұлы
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Заң қызметі департаментінің
- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Астана қаласындағы жедел топ басшысының
- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Департамент
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Сыртқы байланыстар
- Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын-алу
- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Транзиттік саясат және сыртқы байланыстар
- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің аға сарапшысы
- Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Үйлестіру және статистикалық инструментарий
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Импорт алмастыру және сыртқы  
байланыстар департаментінің директоры;  
Шамсутдинов - Қазақстан Республикасының  
Ринат Шарафутдинович Әділет вице-министрі;  
Шәмен - Қазақстан Республикасының Қоршаған  
Атамұрат Мұралыұлы ортаны қорғау министрлігі Экологиялық  
саясат департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 12 мамырдағы  
N 516 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссия Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға кіруіне, мүше болуына және олардан шығуына, сондай-ақ көп жақты халықаралық шарттарға қосылуына қатысты мәселелерді қарамайды.

### **2. Комиссияның негізгі міндеттері**

4. Комиссияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін тиісті ұсыныстар әзірлеу және:

1) олардың ұлттық заңнамаға және жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкестігі мәнінде Қазақстан Республикасының қазіргі халықаралық шарттарын түгендеу;

2) < \* >

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.26. N 491 қаулысымен.**

### 3. Комиссияның негізгі функциялары

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын іске асыруға байланысты проблемалық мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қатысуының орындылығы және қажет болған жағдайда, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не халықаралық шарттардың күшін жою туралы мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының қазіргі халықаралық шарттарына олардың ұлттық мүдделерге, қолданыстағы заңнамаға және республикада жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкестігі бөлігінде түгендеу жүргізеді;

4) < \* >

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.26. N 491 қаулысымен.

### 4. Комиссияның құқықтары

6. Оған жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түгендеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге; <\*>

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қатысуының орындылығы және қажет болған жағдайда, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не халықаралық шарттардың күшін жою туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;

3) қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы мүдделі мемлекеттік органдарының мамандарын Комиссияның қызметіне қатысуға тартуға;

4) халықаралық шарттардың мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және ұйымдардың өкілдерін Комиссияның мәжілісіне шақыруға және оларды тыңдауға;

5) мемлекеттік органдардан және ұйымдардан Комиссияның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.26. N 491 қаулысымен.

### 5. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

7. Комиссия мәжілістері қажеттігіне қарай, бірақ оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болған жағдайда, тоқсан сайын кемінде бір рет

ө т к і з і л е д і .

8. Мәжілістің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешім ашық дауыспен қабылданады және егер ол үшін Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады. Дауыс саны бірдей болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Қабылданған шешіммен келіспеген Комиссия мүшесі хаттамаға қоса берілетін ерекше пікірін жазба түрде б і л д і р е а л а д ы .

9. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

10. Өткізілген Комиссия мәжілістерінің нәтижелері бойынша хаттамалары ресімделіп, оларға Комиссия мүшелері қол қояды және олардың құзыретіне орай барлық мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

12. Комиссияның хатшысы Комиссия мәжілісінің күн тәртібі жөнінде ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және мәжілістердің хаттамаларын ресімдейді.